*«Қарлығаш» бөбекжайы*

*04 - 07*

# *Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамалары*

*Ленгір қаласы*

**Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы**
**№ 1 хаттама**

«Қарлығаш» бөбекжайы
Өткізілген күні: 06 – қыркүйек 2023 жыл.

**Қатысқандар**: Бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және ата - аналар

Қатысқан ата-аналар саны: 90

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе**:

1.Бөбекжайдың жаңа оқу жылына дайындығы.
2.Балабақша жұмыстарын талдау,оқу-тәрбие жұмысымен таныстыру.
3. Ата – аналарға арналған кеңес «Тәрбие тал бесіктен»

4. Ата-аналар комитетін сайлау.

**Тыңдалды:** Жалпы аталар жиналысын бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева ашып, күн тәртібімен таныстырды.
**Сөйледі: Күн тәртібінде қаралатын бірінші мәселе** бойынша шаруа меңгерушісі Садыходжаева Раушан сөйлеп,ата-аналарға бөбекжайдың оқу жылына жүргізілген дайындық жұмыстары туралы айтып өтті.Жүргізілген жөндеу жұмыстары жайлы және балаларға жасалған жағдай қандай екені және тамақтану күніге неше рет берілетіні туралы ақпарат берді.Оқу жылына жылу жүйесі тексерілді деді.
**Жарыссөзге шыққандар**:ата-ана Абилдаева Жансая балалардың ойнайтын, ұйықтайтын және ішетін тамақтары туралы сұрақтар қойып, жауап алды.
**Сөйледі: Екінші мәселе** бойынша бөбекжай әдіскері Тасымбекова Қарлығаш сөйлеп,бөбекжайдың жұмыстарына талдау жасап,ата-аналарды таныстырды.
Өткен оқу жылында балалармен жоспар бойынша оқу-тәрбие.жұмыстары толық жүргізілді.Аудандық балалар байқауына қатысып.балаларымыз жүлделі орындар алды.Оқу жылында облыс көлемінде семинар өткізіліп, жақсы жетістіктермен аяқтағанын айтып өтті.Сонымен қатар ата-аналарды жаңа оқу жылының мақсат, міндеттерімен таныстырды.
**Сөйледі: үшінші мәселе** бойынша педагог – психолог Амирбекова Мейргул ата – аналарға «Тәрбие тал бесіктен» тақырыбында кеңес оқыды Адамды тәрбиелеу – демек оның ертеңгі қуанышқа ие болатын келешек жолын тәрбиелеу. Жас ұрпақты тәрбиелеу жүйесі заман талабына сай қоғамдық өмірде болып жатқан ұлы өзгерістерге байланысты. Отбасы мүшелерінің өзара дұрыс қарым-қатынасының, тіл табысып түсінісуін, бірін-бірі тыңдап, ата-ананы, туған-туыстарын, жасы үлкендерді сыйлап құрмет тұтуға үйрету басты міндетіміз екенін айтып, ата- аналармен ой бөлісті.

**Жарыссөзге шыққандар**:ата-ана Ахмет Алима сөйлеп, отбасындағы бала тәрбиесі туралы өз ойын айтып, тәрбие туралы нақыл сөздерді келтіре отырып, пікір алмасты.

Ата – ана Туғанбаева Динара сөйлеп, бала тәрбиесі туралы және неге баланың «Қиын балаға» айналатыны туралы өз ойын білдірді.

**Төртінші мәселе** бойынша ата-аналар комитетінің төрайымын, ата –аналар комитетінің құрамын сайлауға ұсыныс айтылды..Мектепалды даярлық тобы «Балдырған» тобынан Туғанбаева Динара ата-аналар комитетінің төрайымына , «Балдәурен» тобынан Есенова Махаббат , «Балауса» тобынан Байнияз Ұлбосын , «Гүлдер» тобынан Абдумаликова Асем ата-аналар комитетінің құрамына ұсынылды.

## Жалпы ата-аналар жиналысының шешімі:

1.Бөбекжайдың оқу жылына дайындығы жақсы деп бағалансын.
2.Ата-аналарды бөбекжайдың оқу-тәрбие жұмыстарымен таныстыру жалғастырылсын.
3. Ата – аналарға «Тәрбие тал бесіктен» тақырыбындағы кеңесте айтылған мәселелер күнделікті тәрбиелік жұмыстарда қолданылсын.
4.Балабақшаның ата-аналар комитетінің төрайымына және ата- аналар комитетінің құрамына мына ата-аналар сайлансын.

Төрайымы: Туғанбаева Динара
Мүшелері: Есенова Махаббат
Байнияз Ұлбосын
Абдумаликова Асем

**Бөбекжай меңгерушісі:** Буркитбаева.Э.Д.
**Ата-аналар комитетінің төрайымы:** Туғанбаева Д.
**Хатшы:** Тасымбекова.Қ.

2 парақ
Бекітілген
Беттелген
Мөрленген

Бөбекжай
меңгерушісі:

Э.Д.Буркитбаева

**Жалпы ата-аналар жиналысының хаттамасы**
**№ 2 хаттама**

«Қарлығаш» бөбекжайы
Өткізілген күні: 19 -қаңтар. 2024 жыл.

**Қатысқандар**: Бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева, әдіскер, музыка жетекшісі, медбике, шаруа меңгерушісі, психолог және балабақша тәрбиешілері, тәрбиеші көмекшілері және ата - аналар

Қатысқан ата-аналар саны: 65

**Күн тәртібінде қаралатын мәселе**:

1. Бала құқығы туралы конвенцияны оқып үйрену, талдау, сараптау
2.«Бала мен ата - ананың қарым - қатынасы» Кеңес
3. .«Балабақша мен отбасы жағдайындағы зорлық зомбылықтың алдын алу» слайд түріндегі кеңес
4.Бала тәрбиесі және бала құқығы туралы «Сіз қандай ата – анасыз?» сауалнама жүргізу

**Тыңдалды:** Жалпы аталар жиналысын бөбекжай меңгерушісі Э.Д.Буркитбаева ашып, күн тәртібімен таныстырды.

**Сөйледі**: **Күн тәртібіндегі бірінші мәселе** бойынша бөбекжай әдіскері Тасымбекова Қарлығаш сөйлеп, «Бала құқығы туралы конвенцияны» оқып беріп, таныстырды.Конвенцияда баланың қандай құқықтары бар екенін айтып беріп, қанша баптан, қанша тараудан тұратынын айтып, ата – аналармен бала құқығы туралы пікір алмасты.

**Жарыссөзге шыққандар:** МАД «Балапан» тобының ата – анасы Керімбаева Салтанат сөйлеп, бала құқығы әрдайым қорғалу керектігі жайлы яғни олардың өмірлері, денсаулықтары қорғалып, білім алуға, ойнауға, өсіп жетілуіне жағдай жасауымыз керек деді.

**Тыңдалды: Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша** бөбекжайдың педагог – психологы Амирбекова Мейргул «Бала мен ата - ананың қарым - қатынасы» тақырыбында кеңес оқыды.Баланың тұлға болып қалыптасуы сәби кезеңінен басталатынын айтып,ата – ана әр баласымен жеке сөйлесуге үнемі уақыт табуы керек екенін айтты.Баланы жетістігі үшін емес, сол қалпында жақсы көріп,жақсы көретінді бала сезінуі керек деді.Баланың шығармашылық қабілетінің дамуына жағдай жасап, оның ойға алған ісінің ойдағыдай болмаса да өзә аяқтауына мүмкіндік берсек, баланың өзіне сенімі қалыптасатынын айтты.Сонда бала өзін ата – анамен тең санап, сізбен сырын бөліседі және өмірге құштар бала болып өседі деп айтып, ата- аналармен пікір алмасты.

**Жарыссөзге шыққандар:** Мектепалды даярлық «Балапан» тобының ата – анасы Керімбаева Арайлым сөйлеп,өз отбасындағы балаларымен қарым – қатынасы жайлы өз ойын айтты.Балалардың сезу қабілеттері жоғары екенін айтып, ата – ананың қалай сөйлеп, қалай нені талап ететінін білетінін, сол үшін әрдайым өзін жақын тартып, сырласып, сөйлесу керек деген ойын білдірді.

**Тыңдалды: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша** бөбекжайдың педагог – психологы Амирбекова Мейргул «**Балабақша мен отбасы жағдайында зорлық – зомбылықтың алдын алу».** Ата- аналарға бейнебаянды онлаин кеңес түрінде ата – аналар чатына жіберіп, пікір алмасты.

**Сөйледі: Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша** бала тәрбиесі және бала құқығы туралы «Сіз қандай ата – анасыз?» тақырыбында ата – аналармен сауалнама жүргізілді.Ата – аналармен балаларының нені жақсы көретінін, бос уақытта немен айналысатынын, қандай бағдарламаны жақсы көретіндерін, қандай достары бар екендіктері жайлы сауалнамада сұрақтар қойылып, сауалнаманың нәтижесі шығарылып берілді.

**Жалпы ата-аналар жиналысының шешімі**:

1. Бала құқығы туралы конвенцияны оқып үйрену жалғастырылсын.
2. «Бала мен ата - ананың қарым - қатынасы» тақырыбындағы кеңесте айтылған мәселелер бала тәрбиесінде қолданылсын.
3. Балабақша мен отбасы жағдайындағы зорлық – зомбылықтың алдын алу» бойынша жұмыстар жалғастырылсын.
4. Ата –аналармен сауалнама жүргізу жалғастырылсын.

Бөбекжай меңгерушісі: Э.Д.Буркитбаева.
Ата-аналар комитетінің төрайымы: Туғанбаева Д.
Хатшы: Тасымбекова.Қ.

2 парақ
Бекітілген
Беттелген
Мөрленген

Бөбекжай
меңгерушісі:

Э.Д.Буркитбаева